



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Современный английский язык - постоянно меняющийся и развивающийся, динамичный язык, который открывает огромные возможности тем, кто им овладевает. В век информационных технологий человек имеет возможность не просто познакомиться с ним, но и обладать на очень хорошем уровне не выходя из дома и приложив немного стараний, упорства и труда.

Список использованных источников:

1. Данные мультимедийной электронной энциклопедии Encarta - 2009;
2. Васильева Е.Е., Васильев В.Ю. “Секреты запоминания слов и неправильных глаголов английского языка”. - Москва, 2004 г., 77 стр.
3. Комаров А. Н. “Учебник современного английского языка”. - Москва, 2009 г., 544 стр.

УДК 811.111:48.015.13

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ КІРІКТІРІЛГЕН САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Кубесова Асемгул

Asemgul_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байгаж Айжан

Қазіргі кезде білімнің кіріктіру тәсілдерін қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті негізгі мәселелердің біріне айналып отыр.

Осы арада мектептің оқу-тәрбие процесін кіріктіру тәсілі негізінде ұйымдастыруы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысу, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігі, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйекеңдігі туралы ғылыми көзқарастың қалыпты қалыптасуына мүмкіндік береді.

Белсенді түрде қолданылып жүрген әлемдік тілді қамтыған көптілділік Қазақстан халықтарын рухани дамытумен қатар еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін ішкі саясаттың жекелеген бағыты ретінде ерекшеленді. Жаппай көптілділіктің негізгі іргетасы мектепте қаланатыны сөзсіз. Бұл білім беру жүйесіне түрлі объективті факторларды ескере отырып, көптеген шұғыл орындалатын міндеттерді шешуді алға қояды.

Мектепте көптілді тұлғаның қалыптасуы, оқу процесінің айқын ұйымдастырылуы мазмұн мен оқыту принциптерін арнайы таңдау, оқыту және нәтижені тексеру, сәйкесінше жоспарлауды қадағалайтын арнайы технологияларды қолдану барысында мүмкін болады [1,15].

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің оқу сағаттарының қажетті санын оқу жоспарына нормативті енгізу, тілдік емес пәндерді ерекше технология бойынша екі және үш тілде оқытуды ұйымдастыру, мазмұны тақырыптық тілдік негізді сипаттайтын қосымша элективті курстарды енгізу - мектепте көптілділікті дамытудың сыртқы шарттары болып табылады.

Мектепте көптілділікті жоспарлы түрде дамыту процесі ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы қайшылықтардың дұрыс шешіміне байланысты. Бір жағынан, мектепте қазақ тілін, одан кейін қарым-қатынас құралы ретінде орыс және ағылшын тілдерін меңгерген көптілді тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін, екінші жағынан, ағылшын тілді табиғи ортаның болмауын, бастауыш кезеңінен бастап мектеп оқушысын жалпы жан-жақты дамыту керектігін, ағылшын тілі пәнінің сағат сандарының кері әсері тимейтіндей ғылыми

негізде бөліну мәселесінің шешілмеуін және бастауыш мектепке арналған қазақстандық ағылшын тілі оқулықтарының болмауын сыртқы қарама-қайшылықтар деп есептейміз.

Әлі де XIX ғасырдың 60-70 жылдарында қалыптасқан дәстүр бойынша мұғалім тілді оқытудың соңғы нәтижесін оқушылардың фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, сөзжасам, морфология және синтаксистік деңгейлердегі біліктер жиынтығымен шектейді. Сонда тілдің коммуникативтік қызметі не оқулықта, не мұғалімнің сабақ жоспарында жүйелі көрініс таппайды. Қазақ тілін мемлекеттік, орыс тілін екінші тіл ретінде және шетел тілін оқыту барысында тілдік құралдарды функционалды түрде игерту мәселесін шешуге мүмкіндік беретін тілдік пәндер мазмұнының лингвистикадан тыс, шындық-болмыс компоненттерін ескеру маңызды. Сонымен қатар, Қазақстан мектептерінде көптілділікті дамытуда тілдерді оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік беретін функционалдық тұрғыдан жасалған екі және үш тілді оқу сөздіктерінің рөлі зор. Қазіргі таңда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында орта білім беру саласындағы лингводидактикалық мәселелерді шешу бойынша жүйелі жұмыс басталды және Қазақстанның оқу ұйымдарында көптілділікті дамытудың ғылыми тұжырымдамасы әзірленуде.

Мектепте ағылшын тілін ерте жастан меңгертудің көп жақты ғылыми негіздемесі осы аспектідегі жұмыстардың ерекше бағыты болып табылады. 2011 жылы сәуірдің 17 күні Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан мектептерінде оқушыларға 1-ші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту мәселесі бойынша тапсырма берді.

Бұл мәселенің нақты шешілуі қазақстандық оқу орындарында келесі қиындықтармен ұштасып отыр:

- қоршаған ортаның әлемдік тілді меңгеруге ықпалының жоқтығы;
- мамандығы тіл және әдебиет емес мұғалімдердің тілді оқыту әдістемесін білмеуі;
- тілдік емес пәндер мұғалімдерінің мемлекеттік тіл мен немесе ағылшын тілін білмеуі;
- оқулықтардың екі тілде (қосымша жағдай болса-үшінші тілде) оқыту жағдайына икемделмегені;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың керекті деңгейде қолданылмауы.

Осыған байланысты ҚР БҒМ мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында бастауыш мектептерге ағылшын тілін енгізу механизмін әзірлеу және теориялық негіздемесі бойынша жұмыс барысының нәтижесінде Кезеңдік жоспар әзірленді, мұнда төмендегілер қамтылды:

- Қазақстан Республикасының бастауыш мектептерінде ағылшын тілін меңгертудің психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік негіздемесін әзірлеу;
- бастауыш сыныптарда ағылшын тілін меңгерту бойынша оқу бағдарламаларын дайындау және МЖБС-на өзгерістер енгізу;
- бастауыш мектеп оқушыларына арналған ағылшын тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындау;
- лингафонды мультимедиялық кабинеттер мен интерактивті тақталармен жабдықталған кабинеттер жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануын талап ететін әдістемелік құралдарды әзірлеу.

А.С.Выготский «Мектепте оқуға даярлау балалардың алған білім, дағды, біліктерінің ауқымынан зор ақыл-ой үрдістерінің сапасына көбірек тәуелді болады. Сондықтан мұндай сапаға қол жеткізудің аса маңызды жақтарының бірі – балалардың бойында таңымды тудыратын тәсілді қалыптастыру болып табылады», - дейді. Бұл жерде оқушының алдына таңымдық міндеттерді қойып, оның белсенділігін арттыруға бола ма? – деген сұрақ туындайды.

Осы жөнінде К.Д.Ушинский оқушылардың бойында бақылағыштық, танымдық, танымдылық қасиеттерді дамыту үшін көрнекі оқытуды талдау негізінде олар үшін жаңа кейіпкерлер тудыратын, өзіне таныс заттардың жаңа жақтарын ашатын оқу материалдары мен көрнекі құралды неғұрлым көбірек пайдалануға кеңес береді. Өйткені, олар бір жағынан оқушылардың ой-өрісін, ауызекі сөйлеу тілін, жазу дағдысын,

айналасындағы өмір туралы түсінігін кеңейтеді және оқушының білім деңгейіне сай болғандықтан нәтижелі болады, ал үлгерімі төмен оқушылар ескерусіз қалып қоймай, олардың теориялық білім мен дағдыларын дамытуға әсер етеді

Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді [2,67].

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;
- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоядан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;
- сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.\

Әлемдік өркениет жолындағы үздіксіз даму кезеңінде білім мен ғылымға баса назар аудару өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Кіріктіру тәсілінің бір пайдалы жағы ол бүкіл оқыту ісін, бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық мұғалімдерге бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерде ортақ мүддені шешуге жұмылдырады.

Кіріктіру тәсілін жүзеге асырудың жолдары мынандай:

- Әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;
- Түрлі пәндерді оқып үйренуде – өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру.
- Оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен әдістерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру.
- Жалпы теориялық білім алуды және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру.
- Оқушыларға (білім алу, икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою.
- Оқушылардың бір пәннен білім алуға икемі мен дағдыларын пайдалана білуге әдеттендіру.
- Әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтық ерекшеліктерін көрсете білу.
- Әр пән сабақтарында оқылатын құбылыстардың өзара байланысын ашып, дұрыс дидактикалық дүниетаным қалыптастыру.

Оқу шет тілінде оқытылған мектептерде ағылшын пәнінің білімдік, тәрбиелік мақсаттары басқа пәндермен байланысты жүргізіледі.

Пән аралық байланыс бағытта іске асырылады.

1. Шет тілінің орыс тілі және қазақ тілі грамматикасымен ұқсас жақтары және айырмашылықтары түсіндіріледі.

2. Оқушыларға тарихқа, жағрафияға, әдебиетке, еңбекке қатысты мағлұматтары бар мәтіндер ағылшын тілінде беріліп оқытылады.

Осының нәтижесінде сабақта оқушылар аталған пәндерге қатысты материалдарды ағылшын тілінде сапалы түрде ұғып, сөздерді қатесіз айтуға, сауатты жазуға үйренеді.

Ағылшын пәні басқа өзге пәндермен тығыз байланысты, сондықтан мұғалім өзара байланыстыра өткізуге қолайлы тақырыптарды алдын-ала іріктеп, анықтап алады. Өйткені 2-

ші тілді үйретуде жүргізілетін сөйлеу әрекеті тіл пәнің басқа пәндермен байланыстыруда үлкен қызмет атқарады.

Пәндердің бір-бірімен байланысы төмендегідей ағылшын тілі, ағылшын әдебиеті пәні мен мәтіндер арқылы байланыстырылады. Мұнда сабақ сайын өткізілетін көркем тілмен жазылған оқу материалдары (әңгіме, ертегі, мақал-мәтел т.б.) оқушының лексикалық сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіреді, байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады [3,31].

Білім беру үрдісінің тұтастығын жүзіге асыратын әдістер бала әрекетінің түрлері сабақтың түрлерінің кіріктірілуі арқылы қамтамасыз етіледі.

М.Монтессори әдістемесінің – «Мен көремін және естимін, әрекет етемін және жасаймын, сондықтан оны есте сақтаймын және үйренемін» деген басты қағидасын негізге алып, тәрбиелеу – оқыту үрдісін ұйымдастыру.. Сол себепте оқыту – баланың өзінде қалыптасқан түсініктегіне, күнделікті өміріне және оның жеке тәжірибесіне сүйене отырып, әрекет, ойын – тәжірибе, эксперимент, шығарманын мазмұнын «жандандыру» арқылы жүргізіледі. Яғни, мектеп жасына дейінге балалардың білім ақпаратын қабылдауы тек қана сөзбен емес, шығарма, әрекет, қарым – қатынас арқылы жүзеге асырылады.

Кіріктірілген сабақтар балалардың тәрбие, даму және оқыту мәселелерін кешенді шешуге көмегін тигізеді. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, ойнауына уақыт үнемдеп, көңіл-күйіне жағымды эмоциялық жағдай туғызады.

Мен Астана қаласы №66 мектепте педагогикалық практикадан өткенде өзіме бекітілген сыныптарда кіріктірілген сабақты жүргізу мүмкіндігін алдым. Оқушылардың қатарынан үш тілді меңгеруге қабілетті екенін байқадым. Әр түрлі эксперименттер жүргізіп, деңгейлеріне сәкес тапсырмалар бердім. Оқушылардың ойынша, сабақ берудің бұл әдісі – күнделікті сабақ беру әдісінен ерекшеленді. Мұғалімдер үшін де бұл үлкен жаңалық болды. Практика нәтижесінде оқушылардан біршама өзгерістер байқадым. Олар тіл жағынан, креативті ойлау жағынан, топпен жұмыс істеу жағынан жетілді. Қорыта айтқанда, ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы - сыни тұрғыдан ойлауды дамыту екендігіне көзіміз жетті. Өйткені, белгілі тақырыптағы ойды сыни тұрғыдан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының».
2. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ. 2013.
3. М. С. Сақтағанова, Н. Қ. Алиева, Н. Қ.Г. Ботағарина, «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 2012

УДК 811.111:17.023.36

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Нұрышева Сәуле Нұрмұхамедқызы

unique-ns@mail.ru

Азат Ботакөз

bota_al@mail.ru

Магистранты кафедры теории и практики иностранных языков

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – С. Мейрамова

Очевиден тот факт, что преподавание иностранных языков тесно связано с